



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

« 01.09 » 2022 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ-УК-066-2022



ХИРУРГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ЖАСЫНДАҒЫ СТОМАТОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасымен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Кафедра меңгерушісі м.а. Э.Кожамбекова
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің
басшысы Қ.Тубеков
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау
және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті			ҚЕ-УК-066-2022
Сапа менеджментінің жүйесі		Құрылым ережесі	
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы			7-беттің 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, стоматология факультетінің негізгі құрылымдық бөлімшесіне жатады, келесі даярлау бағыты бойынша мамандар дайындауды жүзеге асырады:

Стоматология – 5В130200, 6В10156.

1.2. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы күндізгі оқыту формасы жоғары кәсіби білім беру бағдарламасына сәйкес осы қызмет саласындағы мемлекеттік лицензиясы бойынша оқытуды жүзеге асырады.

1.3. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасында белгіленген тәртіппен тіркелген мүліктер мен жабдықтар бар.

1.4. Кафедраның жұмысына кафедра меңгерушісі басшылық етеді. Кафедра меңгерушісі тікелей факультет деканына бағынады. Даярлау бағыттарының жұмыстары бойынша кафедра меңгерушісі университеттің Академиялық мәселелер вице-ректор алдында жауапкершілікте болады.

1.5. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасына кафедра меңгерушісі жетекшілік етеді. Кафедра меңгерушісі факультет деканына тікелей бағынады. Түрлі бағыттардағы қоғамдық жұмыстардың алуандығына қарай кафедра меңгерушісі тиісті вице-ректорға бағынады.

1.6. Кафедра меңгерушісі Қазақстан Республикасының Білім заңын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативті – құқықтық актілерін, университет Жарғысын университет ректорының бұйрықтарын, вице-ректорлар мен факультет деканының талаптарын орындауға тиіс.

1.7. Кафедра жұмысын және туындаған мәселелерді талқылап тиісті шешімдер қабылдау үшін айына бір рет кафедра мәжілісі ұйымдастырылып, оған оқытушы-профессорлар құрамы қатысады.

1.8. Кафедра оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен әдісі және т.б. мәселелерге бағытталған жұмыстардың құжаттарын жүргізеді. Құжаттар тізбегі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры бекіткен іс-қағаздар ережесі бойынша аныкталады.

1.9. Кафедра жұмысының нәтижесіне кафедра меңгерушісі толығымен жауап береді.

2. КАФЕДРА ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1. Кафедраның оқу бөлімшелері және кафедра меңгерушісі мен қызметкерлерінің бөлмелері бар.

2.2. Кафедра құрамына штатпен бекітілген оқытушылар мен қызметкерлер жұмыс істейді:

- кафедра меңгерушісі;
- профессор;
- доцент;
- аға оқытушы;
- оқытушы;
- аға лаборант;
- лаборант.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-УК-066-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы		7-беттің 3-ші беті

3. КАФЕДРА ФУНКЦИЯЛАРЫ

Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы әрдайым білім беру сапасын жетілдіре отырып, барлық оқу түрлері бойынша сабақ жүргізеді және төмендегідей қызметтерді атқарады:

3.1 Университет мемлекеттік лицензия негізінде жоғары кәсіби білім беру бағдарламасына сай кафедрада мамандандыру ерекшелігіне қарай барлық сабақ түрлері ұйымдастырылып жүргізіледі.

3.2 Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартындағы мамандықтарға сай кафедра оқу жоспарын жасайды және ол факультеттің оқу-әдістемелік комитетімен, университеттің оқу-әдістемелік комитетімен мақұлданып, университет ректорына бекітуге жібереді. Сонымен қатар, кафедрада әр курсқа арналған өз мамандықтарына сай оқыту бағдарламаларын жасалады, факультеті деканы мен факультеттің академиялық комитеті мақұлдап, бекітеді.

3.3 Кафедраның қызметі академиялық, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарды жүргізуге бағытталған.

Академиялық жұмыстар:

- білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары негізінде, мамандарды даярлау мен бітіруді жүзеге асыратын жұмыс оқу жоспарларын, оқу және жұмыс бағдарламаларын әзірлеу;

- оқытудың кредиттік жүйесі үшін қажет Syllabus бағдарламаларын әзірлеу; оны дайындауда оқытудың интерактивтік түрлерін қамту.

- кафедраның оқу пәндері бойынша академиялық негізін қамтамасыз ету: оқулықтар, оқу құралдары, тапсырмалар жинақтары, кешенді тапсырмалары, практикалық тапсырмалар пәнді үйрену үшін әдістемелік ұсыныстар, сондай-ақ оқытудың барлық түрлері бойынша қорытынды және ағымды бақылау материалдарын әзірлеу;

- кафедра пәндері бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерін жұмыс оқу жоспарына сәйкес жүргізу, сабақ жүргізудің сапасын қамтамасыз ету;

- білім алушылардың оқу материалын қабылдауын арттыратын қазіргі заманғы оқыту технологияларын әзірлеу және қолдану;

- білім алушылардың ізденішілік, шығармашылық, талдау және олардың қызмет нәтижелерін қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және оқу – әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

- мамандарды даярлауда кәсіпорындармен, ұйымдарымен, мекемелерімен іскерлік ынтымақтастықтың түрлерін дамыту.

Ғылыми- зерттеу жұмысы:

- бағыттары мен тақырыбы кафедра профиліне сәйкес келетін, оқытылатын пәндердің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізу;

- кафедра профиліне сәйкес ғылыми -зерттеу жұмыстарын, оларға пікір жазу және сараптау

Тәрбие жұмыстары:

- өздігінен тиісті шешім қабылдап, оны іске асыра алатын мамандардың моделін қалыптастыру;

- білім алушыларды салауатты өмір сүруге, кафедраның қоғамдық шаруаларына белсенді қатысуға ынталандыру;

- білім алушылардың ой-өрісінің кеңеюіне, таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыруға әсер ететін кафедра профиліне сәйкес тақырыптық шаралар жүргізу;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-УК-066-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы		7-беттің 4-ші беті

- жалпы білім беретін мектеп, колледж, лицейлерде білім алушылар, талапкерлер және т.б. арасында мамандыққа баулу және тарту жұмыстарын жүргізу;

- болашақ мамандықтарының қыр-сырын толық таныту бағытында үйірме жұмыстарын жүргізу.

3.4 Кафедра кешенді әдістемелік камтамасыздандыруды ұйымдастырады: кафедра кітаптарымен, оқулықтарымен, әдістемелік құраладарымен, лекция жинақтарымен, оқыту жұмыстарын жаңаша жүргізуге арналған оқу-әдістемелік материалдармен, қазіргі заманға сай техникалық құрал-жабдықтармен камтамасыз етеді.

3.5 Кафедра студенттерге арнап ғылыми – зерттеу жұмысын ұйымдастырады: студенттердің, жас ғалымдардың ғылыми-теориялық конференцияларға қатысуларына бағыт береді, ғылыми жетекшілік жасайды.

3.6 Оқу - лабораториялық құрал-жабдықтармен үнемі жанарту және оқу процесінде жаңа үлгідегі компьютерлік жабдықтарды кеңінен қолдану арқылы кафедра өз техникалық базасын дамытады, жаңашаландырып, нығайтады.

3.7 Педагогикалық кадрлардың біліктілігін жетілдіруді академиялық ғылыми атақтарға, соның ішінде доцент, аға-оқытушы дәрежелеріне ғылыми-педагогикалық кадрларды ұсынылады, тәжірибелі оқытушылардың тәжірибелерімен бөлісуді, жас мамандарға педагогикалық- әдістемелік кеңес беруді кафедра қолына алады.

3.8 Оқытушылар құрамы мен кафедра ғылыми қызметкерлерімен ғылыми семинарлар, конференцияларға қатысуын қолдайды.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Кітапхана және ақпараттық қорларды, университеттің өндеу және әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелерінің қызметін пайдалануға

4.2 Университет комитеттерінің жұмыстарына қатысуға;

4.3 Кафедра кабинеттерін техникалық құралдармен және әдістемелік нұсқаулармен камтамасыз етуге;

4.4 Басқа кафедралардың оқу жөніндегі жұмыстары мен орнатылған тәртіп бойынша танысуға;

4.5 Университет басшыларына кафедра оқу – ұйымдастыру қызметі жөнінде ұсыныс беруге;

4.6 Университет бөлімшелерінен оқу-ұйымдастыру жөнінде келген құжаттарды өз уақытында жеткізілуін талап етуге;

4.7 Оқу процесін және мамандардың сапасын жетілдіру мақсатында университет басқа кафедраларымен қарым-қатынаста болуға;

4.8 Басқа факультеттердің оқу процесін және студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың озық тәжірибелерін таратуға, студенттердің ағымдағы және қорытынды білімдерін қадағалауға;

4.9 Кафедрада кәсіби қызмет үшін қажетті жағдайдың жасалуын орнатылған тәртіп бойынша талап етуге;

4.10 Ұжымдық еңбек шартында көрсетілген келісім баптары бойынша кафедра мүшелерінің құқығын қорғауға.

5. МІНДЕТТЕРІ

5.1 Кафедра жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;

5.2 Кафедра жұмысына Стратегиялық даму, рейтинг, комплеанс бақылау және сапа орталығы жүйесіне қатысты құрылымдық ережесін әзірлеу, енгізу, орындау;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	КЕ-УК-066-2022
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы		7-беттің 5-ші беті

- 5.3 Кафедра жұмыс сағаттарының есебін, штат санын анықтап, оқу жүктемелерін белгіленген көлемде бөліп беру;
- 5.4 Қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың түрлерін енгізу;
- 5.5 Оқу процесі және емтихан сессиясының қорытындысына сараптама жасау;
- 5.6 Оқытушы-профессорлар құрамын жарты жылдық және жылдық индикативті жоспарларының және кафедра жүктемелерінің орындалуын қадағалау;
- 5.7 Кафедраның оқу-әдістемелік және ғылыми, тәрбие жұмыстарын координациялау және бақылау жасау;
- 5.8 Оқу-әдістемелік процеске студенттің ғылыми, өзіндік жұмысының сапасын жетілдіруге арналған түрлі әдістемелік нұсқаулар дайындау;
- 5.9 Әдістемелік семинарлар, конференциялар, білім және тәрбие жөнінде өзекті проблемаларға арналған жиналыстар ұйымдастыру және өткізу;
- 5.10 Оқу құралдары және басқа оқу-әдістемелік құжаттар дайындаудың перспективалық жоспарларын дайындауға қатысу;
- 5.11 Кафедра пәндері бойынша оқу сабақтарын жүргізуді бақылау мен ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 5.12 Жарты жылдық және оқу жылы соңында кафедра жұмыстары жайлы есеп беріп отыруға.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 6.1 Кафедраға жүктелген қызметтер мен міндеттерді орындауға, осы ережеге сәйкес жұмыстың және қызметтің сапалы орындалуына;
- 6.2 Жұмыс процесінің ұйымдастыру, жоспарлау және материалды қамтамасыз ету, жұмыс графикасын орындау;
- 6.3 Университет Жарғысында көрсетілген өз қызметін орындауға қатысты заңды және нормативті – актілерде көрсетілген міндеттерді орындауға;
- 6.4 Университет конфиденциалды мәліметтерін жарияламауға;
- 6.5 Қызметтік этикасын сақтауға;
- 6.6 Техника-қауіпсіздік ережелерін сақтауға;
- 6.7 Кафедрада бекітілген құнды техникалық құралдар, жиһаз және т.б. заттардың сақталуына;
- 6.8 ҚР Еңбек кодексі шегінде өзінің қызметін жүзеге асыруға.

7. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

- 7.1 Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы тікелей Стоматология факультет деканына бағынышты;
- 7.2 Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедра жұмысының құрылымына сай вице-ректорларға бағынышты.
- 7.3 Кафедраның күндізгі оқыту түрін оқу-әдістемелік бағдарламалармен қамтамасыз етуі, жоспарлауы және кафедраның қызметі туралы академиялық мәселелер вице-ректорына есеп береді;
- 7.4 Кафедра ғылыми жұмыстары бойынша ғылым және стратегиялық даму вице-ректорына бағынышты;
- 7.5 Кафедра тәрбие жұмыстары бойынша әлеуметтік-мәдени даму вице-ректорына есеп береді;
- 7.6 Кафедра қызметіне байланысты вице-ректорлардың жазбаша нұсқауларын факультет деканының рұқсатымен орындайды;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті			ҚЕ-УК-066-2022
Сапа менеджментінің жүйесі		Құрылым ережесі	
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы			7-беттің 6-ші беті

7.7 Кафедраның сапа менеджменті жүйесінің енгізілуін Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс басқару және сапа орталығы қадағалайды және координация жасайды;

7.8 Кафедраның заң және құқықтық мәселелері университеттің заң бөлімімен шешіледі;

7.9 Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының кадр мәселесі факультет деканы, академиялық мәселелер вице-ректоры, университет ректоры және адам ресурстарын басқару бөлімімен келісіліп шешіледі;

7.10 Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы университеттің IT-Департамент бөлімшелерімен тығыз қарым-қатынас жасайды;

7.11 Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы қызметкерлерінің жүктемелерді орындағаны туралы мәліметті ай сайын оқу жұмысын ұйымдастыру орталығына беріп тұрады;

7.12 Кафедра айлық табельді қаржы департаментіне өткізіп отырады.

Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының мәжілісінде қаралды және талқыланды. (Хаттама №1 "01" 09 2022 ж.)

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Қ.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс басқару және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев